

«Бекітемін»

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы» МКҚК

басшысының м.а.

А. Мухамеджанова

«04»

03

2024 ж.

**«ДЕНІ САУ БАЛА ПЛАНЕТАҒА КӨМЕКТЕСЕДІ.
БІЗ ӨЗ БАҚШАМЫЗДЫ ӨСІРЕМІЗ!» - 2024
БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Байқауды ұйымдастырушылар:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.
2. «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС («Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасы)

1. Жалпы ереже

Байқаудың осы Ережесі байқауды ұйымдастырудың және өткізудің мақсаттары мен міндеттерін, тәртібін айқындайды, байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемшарттарын; жеңімпаздарды айқындау және марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: білім алушыларда макулатурамен жұмыс істеу мәселелеріне экологиялық көзқарасты қалыптастыру.

Міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдердің, сондай-ақ олардың ата-аналарының назарын табиғатқа ұқыпты қараудың маңыздылығы мәселелеріне аудару;
- балалар мен жасөспірімдерді, олардың ата-аналарын табиғатты қорғау қызметіне тарту;
- қалдықтарды дұрыс өңдеу процестеріне балаларды, жасөспірімдерді және олардың ата-аналарын тарту;
- балалар мен жасөспірімдердің табиғатты сақтау үшін күш-жігерінің маңыздылығы мен мәнін түсіну;
- балалар мен жасөспірімдердің экологиялық маңызы бар қондырғыларды іске асыруы үшін жағдай жасау.

3. Байқауға қатысушылар

Байқауға қатысушылар педагогтің басшылығымен «Салауатты тамақтану мектебі» бағдарламасын жүзеге асыратын (бұдан әрі-қатысушылар) білім беру ұйымдары оқушыларының сыныптары.

4. Байқау шарттары

4.1 Педагог ұйымдастырушылардың healthykids.kz2023@gmail.com поштасына хат жолдау арқылы байқауға тіркелуі тиіс. Хатта қала, мектеп нөмірі, мектептің мекенжайы, қатысушы сынып, сыныптағы балалар саны туралы ақпарат болуы керек.

4.2. Байқауды өткізу үшін белгіленген мерзімдер ішінде қатысушылардың командалары макулатураны жинап, оны қайта өңдеу жөніндегі арнайы қабылдау пунктіне тапсырады. Командалар макулатураның кез келген мөлшерін тапсыра алады. Тапсыру фактісі мектеп әкімшілігі берген анықтамамен расталуы тиіс. Анықтамада сынып жинаған макулатураның жалпы салмағы (килограммен) көрсетілуі керек.

4.3. Макулатураны тапсыру туралы анықтама байқауды ұйымдастырушыларға электрондық пошта арқылы жіберіледі. МАҢЫЗДЫ – қатысушылар жиналған макулатура туралы қорытынды ақпаратты қамтитын байқау үшін БІР анықтама ұсынады.

ӘР 60 килограмм макулатура кесуден құтқарылған 1 ағашқа теңестіріледі (байқауға қатысушылардың арқасында).

4.4. Макулатураны жинау мерзімі аяқталғаннан кейін қатысушыларды марапаттау және қорытындылау жүргізіледі.

5. Байқау қорытындысы және қатысушыларды марапаттау

5.1. 30 кг макулатурадан тапсырған барлық қатысушы сыныптар байқаудың Дипломын алады.

5.2. Макулатураны ең көп жинаған 10 жеңімпаз командасы Дипломдармен, марапатталады, сонымен қатар, оларға мектеп аумағына отырғызу үшін ағаш көшеттері беріледі.

5.3. Жеңімпаздан кейінгі 10 лауреат команданың оқушылары Дипломдар мен естелік сыйлықтармен марапатталады.

6. Байқауды өткізу мерзімдері

Байқау қорытынды шығаруды және нәтижені жариялауды қоса алғанда: **2024 жылғы 01.03 – 15.05**, аралығында өткізіледі.

Макулатураны жинау және растайтын құжаттарды жүктеу мерзімі: **2024 жылғы 01.03 – 15.04** аралығында.

Байқау қорытындысын жариялау мерзімі: **2024 жылғы 20.04 – 30.04** аралығында.

Байқауға қатысушыларды марапаттау: **2024 жылғы 01.05 – 15.05** аралығында.